

Г.А. Кенжебекова<sup>1\*</sup>, Е.Е. Түйте<sup>2</sup>

<sup>1, 2</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
 (E-mail: [gulya.aytykenovna84@mail.ru](mailto:gulya.aytykenovna84@mail.ru), [eldos\\_t\\_e@mail.ru](mailto:eldos_t_e@mail.ru))

<sup>1</sup><https://orcid.org/0009-0006-1402-1074>

<sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0003-3297-8911>

## Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесінің берілу амалдары

Қазақ халқының танымындағы балаға қатысты атаулар, оны сипаттаудағы лексикалық бірліктер, қазақ балаларының таным-талғамын, көзқарасын, сезімін, сан иірімді ерекшеліктерін тануға, қазақ мәдениетіндегі орнын айқындауға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Қазақ тіл білімінде балаға қатысты тілдік бірліктер тола болғанымен оларды бір жүйеде қарастыру, қандай лексика-грамматикалық ерекшеліктері бар, сонымен қатар этнолингвистикалық, когнитивтік аспектіде қарастыру мәселелері аса зерттелмеген. Осы орайда бала бейнесін ашуда, оның қандай тілдік амал-тәсілдер арқылы берілгендігін анықтауда қазақ ертегілерінің алатын орны ерекше. Ертегі тілі арқылы ұлттық мәдениетті сақтауға, баланың тіл байлығын арттыруға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға болады. Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесінің қандай тілдік амалдар арқылы жасалғандығын зерттеу арқылы баланың қоғамдағы рөлін, оның қазақ отбасындағы алатын орнын айқындауға болады. Қазақ халқы балаға тек бала деп қана қарамай, оны тұлға ретінде бағалап, өмірінің жалғасы деп санаған. Бұл мақалада қазақ ертегілеріндегі бала бейнесінің берілу жолдары, оның қоғамдағы рөлі қарастырылған. Қазақ ертегілерінде бала бейнесі маңызды әрі символдық мәнге ие. Ерекше қасиеттерге ие бала кейіпкер көбінесе қоғамның болашағын, адамгершілік құндылықтарын және идеалдық тұлғаны бейнелейді. Ертегілерде бала бейнесі тек жас ұрпақтың өкілі ретінде ғана емес, сондай-ақ моральдық және этикалық сабақтардың жеткізушісі ретінде көрінеді. Бала бойында кездесетін адалдық, қайырымдылық, батырлық, еңбекқорлық сияқты қасиеттер арқылы ол оқырманға жақсы мен жаманның арасындағы күресті, жеңіс пен жеңілістің мәнін түсіндіреді. Халықтың болмысымен ежелден ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ ертегілеріндегі бала бейнесінің тілдік табиғатын ашып көрсетуге және ұлттық дүниетанымын терең пайымдауға талпыныс жасалады. Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесінің берілу жолдары ұлттық құндылықтар арқылы сипатталады, бала бейнесінің тілдік көрінісі және ертегілердегі лингвомәдени бірліктердің қолданыс ерекшеліктерін анықтау көзделеді, бала бейнесі ертегілерде әртүрлі әдістермен сипатталады: индирект және директ сипаттау, қиял мен шындықтың үйлесімі, аллегория мен метафоралар арқылы бейнелеу әдістері қолданылып, оның мінез-құлқы мен әрекеттері арқылы ертегілердің негізгі идеясы ашылады. Қазақ халқының мәдениеті мен педагогикалық дәстүрлерін көрсететін бала бейнесі ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесі жас ұрпақтың адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы мен өмірге деген көзқарасын қалыптастырудағы маңызды құрал болып табылады.

*Кілт сөздер:* қазақ ертегілері, бала бейнесі, сипаттау әдісі, моральдық құндылықтар, адамгершілік қасиеттер, тәрбиелік мән, әлемнің тілдік бейнесі, этно-мәдени лексика.

### Кіріспе

Қазақ халқында бала сөзін ұғым тұрғысынан алғанда, ол — адамның перзенті, ұрпағы. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде балаға мынадай анықтама берген: «Бала» бөбек, сәби, періште, нәресте ата-ананың перзенті, ұрпағы, тұқымы» деп берілген [1]. Ал, таным тұрғысынан қазақтар баласына тек ұрпағым деп қарамай, Алланың берген сыйы, өмірінің сәні, күлкісінің себепкері, үйінің шуағы, көзінің нұры, бала бауыр етің, атасы мен әжесінің медеті, әкесі мен анасының көз қуанышы, баға жетпес байлығы мен қазынасы, қызығым, қуанышым, бақытым деп қарайды. Бала жынысына қарай, ұл және қыз болып бөлінеді. Ұл бала мен қыз баласына берілер тәрбиенің айырмашылығы, олардың халық ортасындағы белгілері де ерекше. Мысалы, қыз бала дүниеге келсе ата-анасы үйіне қуаныш, шаттық пен қатар нәзіктік, әдемілік келді деп ұғады. Ал, ер бала дүниеге келсе, ұрпақ жалғастырушы, шаңырақтың, ошақтың иесі келгені деп түсінеді. Қазақ танымында қыз бала сұлулықтың, нәзіктіктің символы болса, ұл бала батырлықтың, күштің символы болған [2]. Әлемнің тілдік бейнесін жасауда баланың рөлі аса маңызды мәнге ие. А. Хайдер: «Образ ребенка является важным для языковой картины мира в любой культуре. Он входит в структуру более крупной единицы — гиперобраза (гипер-

\* Хат-хабарларға арналған автор. e-mail: [gulya.aytykenovna84@mail.ru](mailto:gulya.aytykenovna84@mail.ru)

концепта) человека, занимающего центральное место в картине мира, в том числе в роли наиболее востребованного средства характеристики и оценки любых реалий действительности. На фоне образа человека образ ребенка, не всегда отчетливо отделяющийся от образа взрослого человека, является менее частотным, но тем не менее активно функционирует в роли средства образной характеристики других реалий» [3; 4]. Бала тек адамның перзенті емес, оның іс-әрекеті арқылы да үлкендердің бейнесін қалыптастыруға болады. Әсіресе, ертегілердегі бала образы ересектердің іс-әрекетін бейнелейді: ерекше дүниеге келуі, тез өсуі, айналасына қамқорлық танытуы, ерлік көрсетуі. т.с.с. Шынайы өмірдегі бала бейнесі ол — аңғал, мақтаншақ, қарапайым, шыншыл, ақымақ, пәк, түрлі эмоцияға (куану, күлу, жылау т.б.) тез берілетін, нәзік жаратылыс. Осыған қатысты ғалым М.Ю. Лебедева балаға тән ерекшеліктерді келесідей сипаттайды: «1) о чертах, свойственных ребенку (по-детски наивный, доверчивый, хвастливый, простодушный, бесхитростный, искренний, глупый, невинный, беззаботный и др.); 2) о типичном речевом и невербальном поведении ребенка (например, чаще всего наречие по-детски образует коллокации с глаголами эмоциональных реакций: обрадоваться, засмеяться, улыбнуться; захныкать, заплакать, всхлипнуть, вздохнуть; воскликнуть; обижаться и др.); 3) о (прото)типичной внешности ребенка (по-детски пухлый — о человеке, лице, чертах, щеках, губах, рте, руках, ногах; по-детски тонкий — о телосложении, шее, голосе, руках и др.)» [4; 18].

Қазақ халқы баланы болашақ ұрпақтың жалғасы деп қабылдайды және оның тәрбиесі отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі болып саналады. Баланы тәрбиелеу — оның үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор болуын үйретуден басталады. Әсіресе, әдептілік, сыйластық, ата-ананы құрметтеу, өз халқының тарихын, мәдениетін білу секілді қасиеттер бала тәрбиесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Баланың тәрбиесі мен болашағы жайында қазақ мәдениетінде ерекше орын алатын тағы бір ұғым — «ұлттық сана-сезім» қалыптастыру. Қазақ халқы балаға өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін үйрету арқылы оның ұлттық болмысын қалыптастыруға тырысады. Бұл — ұлттық тәрбиенің маңызды бөлігі, себебі бала өскенде өз халқының мәдени мұрасын сақтап, дамытуға үлес қосуы қажет.

Ертегідегі бала бейнесі — бұл әдеби шығарманың ерекше әрі маңызды тұлғасы, өйткені ертегілерде бала өмір мен адамгершілік туралы көптеген маңызды мәселелерді шешетін кейіпкер ретінде суреттеледі. Әрбір ертегідегі бала бейнесі өзінің ерекше қасиеттері мен мінез-құлқымен ерекшеленеді, ал оның әрекеттері мен таңдаулары оқырмандарға құндылықтар мен өмірлік сабақтарды ұсынады. Бала ертегілерде көбінесе жақсылық пен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің күресін бейнелейді, оның іс-әрекеттері арқылы адамгершілік және моральдық мәселелер шешіледі.

Ертегілерде бала көбінесе жақсы, әділ, адал, тапқыр, қайсар әрі батыл кейіпкер ретінде көрсетіледі. Бұл қасиеттер балаға үлкендер әлеміндегі қиындықтарды жеңуге, қорқыныш пен күдікке қарамастан өз мақсатына жетуге мүмкіндік береді. Мысалы, ертегілерде бала көбінесе қиын жағдайларға тап болады: зұлым күштер, қиял-ғажайып тіршілік иелері немесе әділетсіздікпен күреседі. Бірақ ол өз іс-әрекеттері мен ақылдылығы арқасында осы қиындықтарды жеңіп, жеңіске жетеді. Бұл процесс арқылы бала қоғамның моральдық құндылықтарын игереді, әрі өзінің жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Ертегілерде бала бейнесі — тек ерлік пен әділеттің символы емес, сонымен бірге болашақтың үміті, қоғамның жаңаруы мен дамуының белгісі. Бала бейнесі арқылы авторлар жас оқырмандарға өмірлік маңызды құндылықтар мен сабақтарды ұсынуға тырысады.

#### *Зерттеу материалы мен әдістері*

Халық ауыз әдебиеті шығармаларының ғылыми тұрғыдан зерттеле бастауы ХІХ ғасырда еуропалық романтизм бағытының дамуына байланысты болды, яғни белгілі бір ұлтқа тән ерекшеліктерге деген ғылыми қызығушылықтың артуы нәтижесінен орын алды. Шетелдік лингвистика мен әдебиеттану ғылымында халық ертегілерінің мәселелеріне арналған көптеген еңбектер мен мақалалар жарияланған. Мәселен, Т. Бенфей, ағайынды Я. Гримм және В. Гримм, Л.Н. Афанасьев, Э. Тэйлор, А.Н. Веселовский, И.Н. Березин, В.В. Радлов, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, Г.Н. Потанин және т.б. ғалымдар болса, қазақ ғылымында Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, Ш. Уәлиханов, С. Қасқабасов, М. Көпеев, М. Әуезов, Т. Қоңыратбаев, С. Қондыбай және т.б. ғалымдардың еңбектерін атап көрсеткен дұрыс. Бала бейнесі, балалық шақ мәселелері орыс

әлемінің тілдік бейнесінде көптеген ғалымдардың (И.С. Кон, М.Д. Воейкова, А.Т. Ашхарава, М.Ю. Лебедева, У.А. Басова, А.Н. Попова, Н.Г. Архипова, А.В. Закирова, Ю.В. Маслова, М.А. Баранова, О.А. Усачева, Е.Ю. Удаых, С.В. Селеменова, А.Р. Лисенко, т.б.) назарын аударды. Дүниенің лингвистикалық суретінің бұл фрагменті салыстырмалы зерттеулердің, оның ішінде орыс және неміс (И.А. Калюжная), орыс және қытай (Ч. Цзинь, Е.В. Харченко) лингвистикалық мәдениетінің негізгі нысаны болды. Балалық шақ мәселелерін көркемдік интроспекциялау эксперименттері ғалымдардың (В.В. Сальникова, Г.А. Шипова, т.б.) назарын аударды. Бала бейнесінің метафоралық мәнде берілуі бірнеше еңбектерде (И.А. Калюжная, М.Ю. Лебедева, Л.В. Балашова, О.А. Усачева, У.А. Басова, Ч. Джин, т.б.) талдау нысанасына айналды. Дегенмен, бұл бейненің салыстырмалы құрылыстың бөлігі ретінде қызмет етуі арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Салыстыру категориясы тіл білімінде әртүрлі тәсілдер аясында зерттеу пәні болып табылады: грамматикалық (С.О. Картцевский, А.Ф. Прияткина, Н.И. Формановская, М.И. Черемисина, Е.Т. Черкасова, Н.А. Широкова, А.Г. Руднев, және т.б.), функционалдық (А.Е. Камышова, М.М. Паршукова, т.б.), фразеологиялық (Л.А. Лебедева, В.М. Мокиенко, Е.К. Оголцева, В.М. Огольцев, М.Л. Ковшова т.б.), стилистикалық (Е.В. Одинцов, И.М. Панкова, В.В. Эқ, т.б.), категориялық (функционалдық, семантикалық) (В.П. Беркова, А.В. Трегубчак, И.В. Левит, М.Н. Крылова, т.б.) бағытындағы зерттеулерден көруге болады.

Халық ертегілерін арнайы зерттеп, оған түбегейлі өзгерістер әкелген В.Я. Пропптың «Қиял-ғажайып ертегінің морфологиясы» атты еңбегі функционалды лингвистика тұрғысынан қарастырылатын зерттеулерге жаңа жол ашты [5]. Оның теориясы бойынша барлық фантастикалық (қиял-ғажайып) ертегілерді отыз бір қызмет аясында қарастыруға болады. В.Я. Пропп атап көрсеткен барлық отыз бір қызметті қазақ ертегісінің тек біреуінен ғана, мысалы, «Ер Төстік» ертегісінен кездестіруге болатындығын қазақ ғалымдары С. Қасқабасов пен С. Қондыбай дәлелдеп көрсетеді. Көп жағдайда бұл қызмет синтагмалық және парадигмалық қатынастар арқылы бір-бірімен байланысып, жұп, үштік құрап, реттелетіні белгілі. Қазақ ертегілерінде бала бейнесін сипаттау үшін түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылады. Олардың басты ерекшелігі бала кейіпкерінің ересектер әлемімен, табиғатпен және басқа ертегі кейіпкерлерімен қарым-қатынасы арқылы өзіндік жеке тұлғалық қасиеттерінің ашылуынан көрінеді. Мақаланы жазу барысында төмендегідей әдістер басшылыққа алынды.

Сипаттау әдісі (Директ және индирект сипаттау).

Қазақ ертегілерінде бала бейнесі көбінесе индирект сипаттау әдісі арқылы беріледі. Мысалы, бала әртүрлі оқиғалар мен жағдайлар арқылы сипатталады, оның мінез-құлқы мен іс-әрекеті арқылы оқырман оның ішкі дүниесі мен адамгершілік қасиеттерін түсінеді. Кейде бала тікелей сипатталып, оның ақылды, адал немесе батыр екенін айту арқылы, кейде оқиға арқылы оның мінезі мен әрекеттері арқылы бейнеленеді.

Директ сипаттау да қолданылады, мұнда бала мінезінің немесе қасиеттерінің нақты сипаттамасы беріледі. Мысалы, баланың адалдық, қайырымдылық, батылдық сияқты қасиеттері оның сөздері мен әрекеттері арқылы ашылады. Мысалы:

*«Патша Тазша баладан көп нәрсе сұрады. Ол патшаға былай деп жауап берді:*

*– Егер сен маған сенсең, мен саған ақыл айтамын.*

*Патша таңырқап, оның айтқанын тыңдады. Тазша бала өзінің ақылымен барлық сұрақтарға жауап беріп, патшаға кез келген қиындықты жеңуге көмектесті».*

Бұл ертегідегі бала бейнесі тікелей сипатталады. Тазша бала өте ақылды, тапқыр және батыл болғаны анық көрінеді. Оның шешімдер мен жауаптарында ақылдылығы мен тапқырлығы анық байқалады.

«Қырық өтірік» ертегісінің басты кейіпкері Тазша бала өзінің ақылдылығы мен тапқырлығы арқылы қиындықтарды жеңіп, әділдікке жетеді.

«Ертөстік» ертегісінде бала бейнесі оның сыртқы келбеті, мінез-құлқы, ішкі сезімдері мен ойлары арқылы сипатталады.

Қазақтың халық ертегісінде Тазша бала бейнесі әрдайым қайсар, ақылды, парасатты, нағыз халық адамы, тапқыр, батыл жігіт ретінде беріледі.

«Алдар көсе» ертегілерінде Алдар көсенің ақылдылығы мен тапқырлығы арқылы қиындықтарды жеңуі сипатталады. Бұл ертегілерде бала бейнесі оның сыртқы келбеті, мінез-құлқы, ішкі сезімдері мен ойлары арқылы сипатталады, бұл әдіс арқылы баланың адамгершілік қасиеттері мен ішкі дүниесі ашылады.

## 2. Жанама бейнелеу әдісі (Аллегория мен метафоралар).

Қазақ ертегілерінде бала бейнесі жанама әдістер арқылы да беріледі. Мысалы, бала көбінесе табиғатпен байланыстырылады. Бала табиғаттың символы ретінде бейнеленіп, оның пәктігі мен тазалығы өмірдің идеалын көрсетеді. Баланың ержетуі, түрлі сынақтарды жеңуі — бұл оның өмірдегі жолы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуының символы болып табылады.

Аллегориялық сипаттамаларда бала жаңа дүниенің ашылуына, қоғамдағы жақсы өзгерістерге апаратын жолдың бастаушысы ретінде көрінеді. Мысалы, қазақ ертегілерінде табиғатпен байланысты баланың өміріндегі оқиғалар көбінесе әлемді тануға, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды түсінуге, жақсылықты жеңуге бағытталады.

## 3. Диалогтар мен оқиғалар арқылы бейнелеу әдісі.

Қазақ ертегілерінде бала бейнесі диалогтар мен оқиғалар арқылы беріліп, оның тұлғалық қасиеттері көрініс табады. Баланың басқа кейіпкерлермен сөйлесуі, сұрақ қоюы, шешім қабылдауы оның ойлау жүйесінің дамуы мен ерлікке деген ұмтылысын көрсетеді. Бұл әдіс бала мен басқа кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастардың орын алуына мүмкіндік береді.

## 4. Қиял мен реализмді үйлестіру әдісі.

Қазақ ертегілерінде бала бейнесі қиял мен шындықтың арасындағы шекараларда бейнеленеді. Бұл әдіс баланың ерекше қасиеттерін ашып көрсетіп, оның өмірдегі қиындықтарды жеңу жолдарын суреттейді. Қиялдағы кейіпкерлер мен шын өмірдегі мәселелер арасындағы байланыс бала бейнесінің маңызды аспектісін құрайды.

### *Нәтиже мен оның талқылануы*

Қазақ ертегілерінің көпшілігінде бала образы кездеседі. Оқиға сол арқылы өрбиді. Халық қиялындағы арман-тілегін бала образы арқылы жеткізіп, өскелең ұрпақты адалдық пен әділдікке, тапқырлық пен шешендікке, табандылық пен ерлікке, шешім қабылдау мен жауапкершілікке, қиын сәтте берілмеуге, жақсылыққа ұмтылуға тәрбиелеп отырған. Баланың бейнесін сипаттаудың тілдік құралдары ертегілерде ұқсас болып келеді. Қазақ ертегілерінің тақырыбы алуан түрлі және түрліше сипатталады. Оларды шартты түрде былай бөлуге болады:

- а) хайуанат жайындағы ертегілер;
- б) қиял-ғажайып ертегілері;
- в) ғұрыптық ертегілер;
- г) аңыз ертегілер;
- д) балаларға арналған ертегілер» [6: 173].

Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеуші ғалым Ә. Қоңыратбаев: «Қазақ ертегісінің кез келген түрі — бұл уақыт аралығынан өтіп, халықтың санасына енген сюжеттер. Онда бірқатар елдерге ортақ және бірегей сюжеттері бар мотив-бейнелер аз емес», — деп айта келіп, қазақ ертегілерін тақырыбына қарай: «мифтік ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс-салт ертегілері» деп бөледі [7]. Осылайша, ертегілердің басқа халық ауыз әдебиеті үлгілерінен айырмашылығы — әңгімелеуші айтады, ал тыңдаушылар оны ең алдымен поэтикалық, бейнелі шығарма ретінде қабылдайды. Ертегілер бұл тұрғыдан ерекшеленеді. Алайда бұл ертегілер идеялық мазмұнды, тілді, сюжеттердің сипатын, мотивтерді, бейнелерді айқындайтын шындықпен байланысты емес дегенді білдірмейді. Бастапқыда ертегінің тарихында классикалық ертегілердің басты белгісі болып табылатын саналы ойлап табу туралы әңгіме болған жоқ. Адам табиғат күштерінен тәуелсіз бола алатынын, сондай-ақ қоршаған ортаны тану процесін тереңдете бастағаннан бастап, ақынның болмысы ежелгі ертегілердің мифологиялық көзқарастарымен толық сәйкес келмейді. [7]. Шындығына келгенде, ертегілер алуан түрлі, олардың тақырыптық аясы да түрліше. Сондықтан оларды толық көлемде зерделеу мүмкін емес. Ол үшін міндетті түрде материалды бөлшектеу, яғни жіктеу қажет: «Дұрыс жіктеу — бұл ғылыми сипаттаманың бірінші сатысы. Сыныптаудың дұрыстығы келесі зерттеудің дұрыстығына тікелей байланысты... ертегілердің ең қарапайым жіктелуі таңғажайып мазмұны бар ертегілер, тұрмыстық және жануарлар туралы және т.б.» деп атап көрсетеді В.Я. Пропп [8]. Көпшілік халықтың ертегілерінде, соның ішінде қазақ халық ертегілерінің желісі мынандай тілдік құрылымдармен басталады: «*Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда; Баяғыда...; Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен...; Бұрынғы өткен заманда...; Өткен заманда...; Бір күні...; Өткен уақытта...; Бұрынғы уақытта..., Ертеде...; Баяғы бір заманда...; Ерте заманда...*» және т.б. Ертегілердегі уақыт белгісіз, кеңістік нақты емес. Ертегілер желісіне тән синтаксистік құрылымға «*ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні келтеде кемпір мен шал*

*болыпты / бір бай болыпты / балаға зар болыпты», «сағат сайын емес, минут сайын өсіпті», «құс атып, аң аулап күн көріпті», «Тоғыз ай, тоғыз күн болғанда, әйел толғатып, босаныпты. Торсық шеке, аппақ ұл тауыпты»* сынды сөйлемдерді жатқызуға болады.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілеріне тән негізгі қасиет олардың халықтың мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, арман-тілегімен, мақсат-мүддесімен байланыстылығы. «Біздің ойымызша, дәл осы халық қиял-ғажайып ертегілер тілі белгілі бір мәдениетке тән келетін аялық білімдер кодталатын орны, қоймасы болып табылады. Тіл ақиқат шындықты құрылымдап, ақиқат дүниені де, ақиқат шындықтан тыс дүниені де айқындап көрсетеді» [9; 74]. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің бастамасы болады, содан кейін ол кейіпкерлері арқылы өрбіп, түрлі оқиғаларды туғызады. Мысалы, көбіне ертегілер желісі екі ұрпақтың өкілі — балалар мен ата-аналар, кішілер мен үлкендер арқылы өрбіп отырады. Қазақ ертегісінің басталуы балалары жоқ немесе қартайған адамдардың құдайдан жалбарынып бала сұрауына байланысты болады, сөйтіп ғажайыптан бала өмірге келеді. Мысалы: *«төстіктен, бір үздік майдан, наннан, күн нұрынан» «төстіктен» т.б., өсуі де өзгеше болады («Ер Төстік», «Нан батыр»)*. Олар күн сайын емес сағат сайын өседі екен: *«бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, шал әкесі мен кемпір шешесін асырайды» («Ер Төстік»)*.

Қазақ ертегілері — халықтың дәстүрлері мен дүниетанымын, дүниеге деген көзқарасын көрсететін, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл мұра. Қазақ ертегілерінде бала бейнесі ерекше орын алады. Бұл бейне көптеген қасиеттермен, тағдырлы оқиғалармен, халықтың адамгершілік құндылықтарымен тығыз байланыста қалыптасқан. Қазақ ертегілеріндегі бала тек қана жас ұрпақтың өкілі емес, сонымен қатар қоғамның болашағын, ұлттың тағдырын сақтаушы тұлға. Халықтың қиялынан туған ертегілердегі бала есімдерінің қойылуының өз уәжі бар. Баланың өмірге келуіне, болмысына, табиғатына, дене бітіміне, түр-түсіне, бойындағы қасиеттеріне, хайуанаттарға байланысты қойылатын есімдер көптеп кездеседі. Мұндай есімдерге *Ер Төстік, Тазша бала, Толағай, Аюалпаң, Ерсары, Нанбатыр, Көрұғлы, т.б.* «Ертегідегі хайуанаттарға байланысты қойылған есімдер. Мысалы, «Аюдәу» ертегісіндегі: *«Күндерде бір күн қыз аюдан ұл табады. Ұлы күніне бір жасайтын болады, келбетті адам, түрі аю нәсілді болады. Атын Аюдәу қойды»* [10; 85]. Мұнда ертегі кейіпкерінің сыртқы келбетіне қатысты қойылып тұрғанын аңғарамыз. «Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыалпаң» ертегісінде: *«...Артынан баланың атын «Аюалпаң» қояды, Мұның әкесі аю, соған сәйкес аты Алпаң болсын деген ойы тура болып шығады»* [10; 92]. Ертегідегі антропонимнің құрылымын тарқатар болсақ Аю+алып+аң, яғни үш компонентті күрделі есім екенін аңғарамыз», – дейді А.С. Бектұрсын [11; 123] немесе: «Кейіпкердің өмірге келуіне байланысты қойылған есімдер: «Нанбатыр» ертегісінде: *«Бір күні нан пісіру үшін иленген наннан бір баланың бейнесін жасайды да, сырттағы жер ошаққа от жағуға шығады. Үйіне келсе, әлгі бала ғып жасап кеткен наны жоқ, оның орнына аппақ сазандай бір ұл екі өкшесімен жер тепкілеп жылап отырады... Елді жинап Нанберген деп ат қояды»* [11; 124]. Ертегілердегі бала есімдерінен оның тұлғалық ерекшеліктерін аңғару қиынға соқпайды. «Есімдер жеке тұлғаның болмысына әсер етеді, өйткені сөз арқылы адам тәрбиеленеді. Есімде жеке тұлғаның бастамасы айқындалады» [12; 49]. Ертегі дискурсындағы жалқы есімдерді «менталды құрылымдарға» теңеуге болады. Олар бірнеше ұрпақ тәжірибесін бойына сіңіріп, белгілі бір халық сипатында баяндаудың көп қабаттылығын айқындайды» [9; 103].

Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесі әрқашан да символдық мәнге ие. Бала таза, пәк, әлемнің құпияларын ашуға дайын, әлі күнге дейін адамгершілік принциптеріне адал болатын, өз өмірінің бастауы мен болашағы ретінде бейнеленеді. Бала бейнесі арқылы халық жас ұрпақтың ертеңгі күні, оның қоғамдағы орны, өсу процесі мен оның адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруі мәселелеріне көңіл бөледі.

Қазақ халқы балаға үлкен үміт артып, оның болашағына сеніммен қарайды. Әсіресе, қазақ ертегілерінде бала арқылы өмірдің мәні, қайырымдылық пен адалдық, батырлық пен ерлік сияқты маңызды қағидаттар көрсетіледі. Бала көбінесе қиял әлемі мен шындықтың арасындағы шекарада өмір сүретін кейіпкер ретінде көрінеді. Оның іс-әрекеттері мен шешімдері арқылы өмірдің әділеттілігі мен заңдылықтары ашылады.

Қазақ ертегілерінде бала бейнесі адамгершілік құндылықтар мен моральдық тәрбие үшін маңызды рөл атқарады. Бала бейнесі арқылы ертегілерде жақсылық пен жамандық, әділдік пен

әділетсіздік, батырлық пен қорқақтық сияқты құндылықтар көрсетіледі. Әрбір бала өз әрекеттері арқылы осы құндылықтардың маңыздылығын түсініп, оларды өмірде іске асырады

Ертегілерде бала көбінесе әділеттілік пен адалдықтың үлгісін көрсетеді. Мысалы, «Қырық өтірік» ертегісінде баланың өтірік айтуға қарсы күресі оның адамгершілік ұстанымын, дұрыс жолды таңдай білу қабілетін көрсетеді. Бұл ертегі арқылы балаға адалдықтың маңыздылығы мен жалғандықтың зияны туралы терең ой салады. *«Бала ақырында қырық өтірікті айтып болғаннан кейін, бір кезде өзін-өзі ұстап тұра алмай, бәрін айтып береді. «Мен өтірік айттым, мен өзімнің қатемді түсіндім, енді дұрыс жолмен жүріп, адал боламын» деп шешім қабылдайды»*. Бұл жерде бала бейнесі бірнеше маңызды қырынан көрінеді:

1. **Өзін-өзі тану және қателігін мойындау:** Бала өтірік айту арқылы белгілі бір жеңілдікке жетуге тырысады, бірақ соңында өзінің қателігін түсініп, шындықты айтуға шешім қабылдайды. Бұл оның адамгершілік ұстанымының күшті екенін, адалдыққа деген ұмтылысын білдіреді.

2. **Адалдық пен әділдік:** Бала өтірік айтуға қарсы күресін ішкі сезімімен бастайды, бұл оның ақиқатқа ұмтылуын көрсетеді. Ол адамгершілік қағидаларын бұзбай, өзінің өткен әрекеттерін түзеуге, дұрыс жолды таңдауға талпынады.

3. **Шешім қабылдау және жауапкершілік:** Өтірікті айтып алғаннан кейін бала оның зиянын түсініп, оны түзету үшін әрекет етеді. Бұл оның жауапкершілікті қабылдайтынын, өз әрекеттеріне жауап бере алатынын және дұрыс жолды таңдауға дайын екендігін көрсетеді.

Қазақ ертегілерінде бала бейнесі қоғамның болашағын, мәдениетін және дәстүрін сақтаушы ретінде көрінеді. Ертегілерде бала өз ата-анасынан, үлкендерден алған тәрбиесі мен білімін қоғамның игілігіне жұмсайды. Оның бойындағы жақсы қасиеттер, адамгершілік принциптері оның қоғамда дұрыс орын табуына, халықтың дәстүрін сақтауға ықпал етеді. Балаңыз әрекеттері мен шешімдері арқылы қоғамдағы әділеттілік пен зұлымдықтың арасындағы күрес бейнеленеді.

Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесі өте көпқырлы және жан-жақты. Бала ертегілерде тек қиял әлеміндегі кейіпкер емес, ол қоғамның болашағын қалыптастыратын, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген тұлға ретінде көрінеді. Бала бейнесі арқылы қазақ халқы ұрпақ тәрбиесінің, адамгершілік принциптерінің және ұлттық дәстүрлердің маңыздылығын насихаттайды. Қазақ ертегілеріндегі бала қоғам мен мәдениеттің болашағын сақтаушы, оның моральдық дамуы мен рухани өсуіне ықпал ететін символ болып табылады.

*«Бұрынғы өткен заманда; сол баяғы ерте ешкі құйрығы келтеде; сол уақытта; бір күндерде; ертеде; бұрынғы тұста; тоғыз ай, тоғыз күн болғанда; бірсыпыра уақыт; күндерде бір күн; сағат сайын емес, минут сайын; көзді ашып-жұмғаныша қуып жетіп; түн қатып жүріп; түн жүреді, күн жүреді, ай жүреді, апта жүреді; ертеңіне таңсаріден; бұдан бірнеше жыл»* сияқты қолданыстар ертегілерде немесе тарихи әңгімелерде уақыттың өткенін, алыс заманды білдіру үшін қолданылады. Бұл амалдар оқырманды белгілі бір уақытқа немесе кезеңге шақырады, сонымен қатар әңгіменің ертегілік немесе аңыздық сипатта екенін көрсетеді. Осындай қолданыстарға мысалдар келтірейік:

Өткен замандарда:

*«Өткен замандарда бір кедей өмір сүріпті. Оның жалғыз ұлы болған екен. Баласы медреседе оқып, әр күні ерте кетіп, кеш келетін көрінеді»* («Бала мен қарлығаш» ертегісі).

Бұрынғы тұста:

2. *«Бұрынғы тұста Қалабай деген батыр болған. Ол заманда елдің көпшілігі барымтамен күн көрген»* («Қалабай батыр» ертегісі)

3. Сол баяғы ерте ешкі құйрығы келте заманда:

*«Сол баяғы ерте ешкі құйрығы келте заманда Шықбермес Шығайбай дейтін бай болыпты»* («Алдардың Шықбермес Шығайбайға қонақ болғаны» туралы ертегі)

4. Ертеде:

*«Ертеде бір бай болыты. Байдың бір жалғыз баласы бар екен. Бала ерекше болып өседі. Оның жаны кеудесінде емес, ақ бәкісінде көрінеді»* («Бай мен баласы» ертегісі)

Мұндай тілдік амалдарды қолдану арқылы автор оқиғаға ертегілік атмосфера қосады және оқырманды ерекше әлемге енгізеді.

Балаға қатысты қазақ ертегілерінің желісі бала дүниеге келгеннен кейін оның іс-әрекетімен (жоғалған малды, ағаларын, жоқты іздеумен) өрбиді. «Қазақ ертегілері, көп жағдайда мал жоғалуымен немесе оны біреу айдап кетуімен және жұт секілді табиғаттың қолайсыз құбылыстарымен басталады да, басты кейіпкер жалғыз өзі иә бауырларымен, көмекшілерімен іздеуге аттанады («Ер Төстік», «Қасқыр мен жігіт» т.б.). Жалпы, қалыптасқан дәстүр бойынша басты

кейіпкерлерді екіге бөліп көрсетеді: іздеуші-кейіпкер және құрбан болушы кейіпкер. Қазақ ертегілеріне біріншісі тән келеді» [9; 46].

Барлық қиял-ғажайып ертегілерде ертегі уақыты нақты уақытқа сәйкес келмейді. Ол абстрактілі бірлікті білдіреді және белгілі бір тілдік орамалармен сипатталады: «Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, айлар өтеді — келмейді, жылдар өтеді — келмейді» («Ер Төстік»); «Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап үйіп береді де, Төстік жолға шығады. Беліне садақ байланады, қолына темір таяқ алады, аяғына темір етік киеді Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да садағы, азығы да садағы, жолында кез келген аңды атып жеп отырады» («Ер Төстік»); «Ер Төстік ертегісіндегі «кемпір шалға аң мен құстың етін үйіп береді де жолға шығады» деген сөйлемде баланың бейнесі белгілі бір қасиеттерге сәйкес жасалған:

1. **Қамқорлық пен мейірімділік:** Ер Төстік кемпір мен шалға аң мен құстың етін үйіп беру арқылы олардың қажеттіліктерін ескеріп, қамқорлық танытады. Бұл баланың мейірімді, қайырымды, үлкендерге деген сүйіспеншілігін білдіреді. Ол тек өз қызығушылығымен емес, басқаларға көмек көрсету арқылы әлемді жақсырақ етуге ұмтылады.

2. **Жауапкершілік:** Ер Төстік өз жолына шықпас бұрын, кемпір мен шалға азық беріп, олардың жағдайын жасап кетуі арқылы жауапкершілік танытады. Ол сапарға шықпас бұрын, үйдің тыныштығын қамтамасыз етіп, айналасындағыларды елемей кетпейтінін көрсетеді.

3. **Қиындыққа төзімділік және батылдық:** Ер Төстік аң мен құстың етін дайындап бергеннен кейін жолға шығып, үлкен сапарға аттанады. Бұл оның батылдығын, үлкен мақсаттарға жету үшін еш нәрседен қорықпай алға жылжитынын көрсетеді. Бала ретінде ол көптеген қиындықтарға дайын екенін, сондай-ақ үлкендер мен әлемге жауапкершілікпен қарайтынын аңғартады.

4. **Өзіне сенімділік:** Ер Төстік үйренген нәрселерін, жинақтаған тәжірибесін қолдана отырып, жолға шыққан кезде оның бойында өзіне деген сенімділік бар. Ол өз күшіне, мүмкіндігіне сенеді, сондықтан қиын жолға шығып, жаңа белестерді бағындыруға дайын.

Бұл лексикалық сипаттамалар арқылы бала бейнесі ертегідегі әрекеттер мен мінез-құлықтар арқылы тереңірек ашылады. Ер Төстік өз әрекеттері арқылы көпшілікке үлгі болатын қасиеттерді көрсетеді: жауапкершілік, қамқорлық, батылдық, және өзіне сенімділік.

*«Бала мың ділдәні алып, киік астына қоятын тақты жасайтын Мысыр шаһарының жанындағы шеберге жүреді. Бірнеше күн жүріп, шеберге келеді» («Үш батыр»)* деген іс-әрекетте бала бейнесі кейде оның батылдығы, табандылығы, арманға ұмтылуы сияқты қасиеттер арқылы сипатталады. Бұл эпизодта бала тек физикалық тұрғыдан ғана емес, рухани тұрғыдан да өсу мен даму жолында екенін көрсетеді. Мұнда баланың мінез-құлқы мен сапары арқылы оның мынадай қасиеттері көрінеді:

1. **Батылдық пен ерік-жігер:** Бала ұзақ жолды өтіп, шеберге жету үшін бірнеше күн бойы жүріп өтуі, оның қиындықтарға қарсы тұруға дайын екенін және мақсатына жетуге деген беріктігін білдіреді. Бұл оның күшті ерік-жігерін және мақсатқа жету үшін талпынысын көрсетеді.

2. **Табандылық:** Бала ұзақ жолды өтсе де, ешқашан тоқтап қалмай, алға ұмтылып, қиындықтарды жеңуге тырысады. Бұл оның табандылығы мен өзін-өзі басқару қабілетін айқындайды.

3. **Арман мен үміт:** Бала шеберге жетуді мақсат тұтып, оның алдындағы үлкен үмітпен сапарға шығады. Бұл бейне оның арманына адалдығын және болашаққа деген сенімін білдіреді.

4. **Жақсылыққа ұмтылу:** Шеберге жету оның үлкен білім мен дағды алуға деген ниетін білдіреді. Бала бейнесі осы тұрғыдан да өсіп келе жатқан тұлға ретінде беріледі, ол болашақта өз қоғамына пайдалы болу үшін еңбек етеді.

Мұндай тілдік қолданыстар мен әрекеттер арқылы бала бейнесін, оның өсуін, ішкі дүниесінің өзгерісін, және үлкен мақсаттарға жетуге деген ұмтылысын көруге болады.

*«Ата-анасына бір жылдық азық дайындап беріп, сауыт-сайманын киініп, жау-жарағын асынып, азығына алтыс құлынның қазысын алып, баяғы жетім баланың әке-шешесін іздеуге шығады. Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Көз ұшындағы құс қанатын жазып, жерден көтерілгенше Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді. Теңізді көл, дарияны шалшық, тауды қырат құрлы көрмейді. Сонымен, Кендебай күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде аспанмен тірескен бір биік тау көрінеді».*

«Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі бала бейнесі, әсіресе ата-анасына бір жылдық азық дайындап, сауыт-сайманын киіп шыққан кезде, бірнеше маңызды қасиеттермен көрінеді:

1. **Мінсіз дайындық және жауапкершілік:** Бала ата-анасына азық дайындап, қажетті дайындықтарды жасауы арқылы өз міндетін толық орындауға тырысады. Бұл оның үлкен жауапкершілікті сезінуін, отбасы алдындағы міндетін түсінуін көрсетеді. Бала өзінің іс-әрекеті арқылы ересек адамдарға тән дүниелерді қайталайды.

2. **Жауапкершілік пен батылдық:** Сауыт-сайман киіп, қиын тапсырмаларды орындауға дайын болуы — баланың батылдығы мен ержүректілігін білдіреді. Ол тек бала емес, күреске шыққан батыр сияқты бейнеленеді. Бұл бейне оның қиындықтарға қарсы тұра алатындығын, қорқынышсыз әрі сенімді түрде алға ұмтылатындығын көрсетеді.

3. **Өзгелерге көмектесу және қамқорлық:** Ата-анасына азық дайындау арқылы бала өз қамқорлығын және отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Бұл бала бейнесі оның басқаларға пайдалы болуға, үлкендерге көмектесуге дайын екенін айқындайды.

4. **Өсу мен дамудың символы:** Бала ертегінің осы бөлігінде тек қана физикалық тұрғыда ғана емес, рухани жағынан да өсу жолында екенін көрсетеді. Ол өмірдегі қиындықтарды жеңуге, өмірде орын алатын жауапкершіліктерді дұрыс орындауға дайын болуын білдіреді. Бала бейнесі ересек адам ретінде көрінеді, ол өзінің жан-жақты дамығандығын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Кендебай ертегісіндегі бала бейнесі батыл, жауапты, қамқор және өз ісіне сенімді тұлға ретінде сипатталады. Бұл бейне ертегідегі бала тұлғасының шын мәнінде нағыз ержүрек және өнегелі болашақ батырға айналатынын айқындайды. Баланың бойына мұндай қасиеттер ең алдымен, ата-анасының, жақындарының ықпалымен қалыптасады. Себебі бала мәдениеттің маңызды бөлігі бола отырып, дәстүрлі құндылықтарды бойына сіңіреді және оны жеткізудің алғышарты болып табылады. Бұл туралы Ц. Чжи былай дейді: «Ребёнок является важной частью культуры и отражает традиционные ценности... Образ ребенка в каждой культуре базируется на культурных традициях. Можно выделить также современные события, оказавшие влияние на образ мира» [13; 14]. Қазақ ертегілерінде бала образын жасауда қолданылатын этномәдени лексикаға *шырағым, балам, отау, шаңырақ, бесік, ошақ, қаптағы құрт, қарындағы сары май, қоралы қой, асық, алтын сақа, періште, шоқпар, жүген, ер, үзеңгі, тоқым, құрық* т.б. жатады. Мысалы: «Бала құрығын құлдыратып, жүгенін сылдыратып, жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай балаға қарай қалады. Бала сол қотыр тайды ұстайды да, жүгендейді. Жүгендегенде тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала үстіне қарғып мінгенде, тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа жетіп келеді. Жұртқа келсе алтын сақасы ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен. Сақа жанында бір кемпір отыр екен. Бала кемпірге:

— *Шеше, анау жатқан сақамды алып берші!* — дейді.

Сонда кемпір:

— *Шырағым, өзің түсіп ал. Кәріліктен отырсам тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын, — дейді* («Алтын сақа» ертегісі).

Жоғарыдағы мысалдан байқағанымыздай, кез келген халықтың ертегісінде сол ұлттың тілдік коды болады. Ол жасырын тілдік элементтер арқылы жүзеге асып отырады. «Кез келген ұлттың болмыс-тіршілігі, мәдениеті, танымы мен ойлауы т.б. тіл арқылы көрінісі табатыны белгілі. Осыған орай, адамзат жаратылысының, сондай-ақ ұлттық мәдениеттің, танымның бір бөлігі — ертегілерді танымдық тұрғыдан талдау оның терең этнотанымдық табиғатын ашуға мүмкіндік береді» [9]. Демек, ертегі арқылы қазақ тілінің сөз байлығы мен оның танымдық қырларын да көрсетуге болады. Көбіне қазақ ертегілеріндегі бала бейнесі ұл балалар арқылы беріліп отырады. Мәселен, «Тазша бала», «Ер Төстік», «Алтын сақа» т.б. ертегілерде негізгі бала кейіпкерлер — ұл балалар. Себебі Е. Wong, К. Коеппе, М. Сучосз, В. Munson «Gendered speech development in early childhood: Evidence from a longitudinal study of vowel and consonant acoustics» атты мақалада былай дейді: «A person's gender is one of the most vivid, immediate, and robust pieces of person-kind information that language conveys» [14], яғни адам жынысы (жағдаятқа байланысты ұл не қыз) арқылы өзімізге қажетті ақпаратты тез әрі анық бере аламыз. Яғни халқымыз ұл бала арқылы өзінің болашағына сенім білдіріп отырған. Оны батырлықтың, тапқырлықтың, қырағылықтың, шешендіктің символы санаған.

#### Қорытынды

Қазақ ертегілерінде бала бейнесі өте күрделі және көпқабатты. Бұл бейнелерді нақтылап көрсету үшін қолданылатын әдістер де әр түрлі: сипаттау, жанама бейнелеу, диалогтар мен оқиғалар арқылы бейнелеу және қиял мен шындықты үйлестіру. Бала ертегілерде әрқашан позитивті сипатта болып,

қоғамдағы идеал тұлғаның немесе ұлттың болашағының бейнесі ретінде көрінеді. Қазақ ертегілерінде бала — болашақтың символы, ол ерте жастан бастап тәрбиенің, білім мен өнегелі өмірдің алғашқы сабақтарын алатын тұлға. Оның бойындағы адамгершілік қасиеттері мен өмірге деген көзқарасы көбінесе қоғамның моральдық құндылықтарына негізделеді. Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесі әрқашан маңызды әрі ерекше орын алады. Бала — таза жүректі, адалдық пен әділдікке ұмтылатын, қиындықтарға қарамастан, жақсылық пен ақиқат жолын таңдауға тырысатын тұлға ретінде көрсетіледі. Ертегілердегі баланың бейнесі көбіне ерлік, батылдық, тапқырлық және мейірімділік сияқты қасиеттермен толықтырылған.

Ертегілер арқылы бала өзінің қиындықтарды жеңу қабілеті мен табандылығын, сондай-ақ, адамдарға көмек көрсету мен әділеттілікті сақтауды үйренеді. Мұндай бейне балаға өмірде дұрыс шешімдер қабылдауға, адамгершілікті ұстануға және өз бойындағы ең жақсы қасиеттерді дамытуға шабыт береді.

Бала бейнесінің ертегілерде берілуі қазақ халқының рухани, сөз байлығы мен педагогикалық тәсілдерінің бір көрінісі. Балаларға арналған ертегілер тек көркем туындылар емес, олар ұрпақтан-ұрпаққа жететін тәрбие құралы болып қала береді. Қазақ халқының ертегілерінде бала бейнесі ұлттық мәдениеттің сақтаушысы, адамгершілік және этикалық қағидаттарды насихаттаушы ретінде көрінеді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Б. Қалиев. — Алматы, 2014. — 728 б.
- 2 Сыздық Р.Ф. Эпос тілі және лингвистикалық поэтика мәселелері / Р.Ф. Сыздық // Тілтаным. — 2001. — № 1. — Б. 37–41.
- 3 Хайдер А. Образ ребенка как средство характеристики в составе сравнения: дис. ... канд. фил. наук / А. Хайдер. — Самара, 2022. — 214 с.
- 4 Лебедева М.Ю. Концептуальное поле «детство» и его репрезентация в русском языке: дис. ... канд. фил. наук / М.Ю. Лебедева. — М., 2013. — 260 с.
- 5 Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки / В.Я. Пропп. — М.: Просвещение, 1999. — 289 с.
- 6 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы / М. Әуезов. — Алматы: Жазушы, 1985. — Он жетінші том. Мақалалар, зерттеулер. — 350 б.
- 7 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы / Ә. Қоңыратбаев. — Алматы, 1991. — 288 б.
- 8 Пропп В.Я. Русская сказка / В.Я. Пропп. — М.: Лабиринт, 2000. — 416 с.
- 9 Қасымбекова А.Т. Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері негізінде). Философия док. (PhD) дәр. ... дисс. / А.Т. Қасымбекова — Алматы, 2020. — 139 б.
- 10 Қазақ ертегілері. — Алматы: «Жазушы», 2000. — Т. 4. — 248 б.
- 11 Бектұрсын А.С. Халық ертегілеріндегі есімдерге филологиялық және этнографиялық талдау А.С. Бектұрсын // Мәдени мұра ғылыми журнал. — 2023. — № 3 (102). — Б. 116-128.
- 12 Флоренский П.Л. Имена / П.Л. Флоренский. — М.: АСТ, 2003. — 330 с.
- 13 Чжи Ц. Образ ребенка в языковом сознании (на примере разных лингкультур). Автореф. ... канд. фил. наук / Ц. Чжи. — Екатеринбург, 2019. — 23 с.
- 14 Wong E. Gendered speech development in early childhood: Evidence from a longitudinal study of vowel and consonant acoustics [Electronic resource] / E. Wong, K. Koeppel, M. Cychosz, B. Munson // Journal of Child Language. — 2025. — P. 1–28. — Cambridge University Press. — Access mode: <https://www.cambridge.org/core/journals/journal-of-child-language/article/gendered-speech-development-in-early-childhood-evidence-from-a-longitudinal-study-of-vowel-and-consonant-acoustics/B59018F02312ADEA42CB31ED35B8D12E>

Г.А. Кенжебекова, Е.Е. Туйте

### Приемы передачи образа ребенка в казахских сказках

Образ ребёнка в казахской культуре отражает ценности, мировоззрение и особенности национального мышления. Лексические единицы, связанные с ребёнком, позволяют выявить предрасположенности, взгляды и чувства казахского народа, определить роль ребёнка в его культурной системе. Несмотря на наличие таких языковых единиц в казахском языкознании, они редко рассматриваются в единой системе, особенно с точки зрения их лексико-грамматических, этнолингвистических и когнитивных особенностей. Особое значение в формировании образа ребёнка занимают казахские сказки. Через сказочный дискурс не только сохраняется национальная культура, но и расширяется словарный запас ре-

бёнка, формируется его речевая культура. Изучение языковых средств, с помощью которых создаётся образ ребёнка в казахских сказках, позволяет определить его роль в обществе и семье. В казахских сказках ребёнок наделяется важными и символическими качествами. Он выступает не только как представитель молодого поколения, но и как носитель моральных ценностей, идеалов и традиций. Его образ создаётся через прямое и косвенное описание, метафоры, аллегории, сочетание реального и воображаемого. Такие качества, как честность, милосердие, героизм и трудолюбие, подчёркивают воспитательную функцию сказок, раскрывая борьбу добра и зла, суть побед и поражений. Таким образом, образ ребёнка в казахских сказках выполняет важную нравственно-педагогическую функцию, отражает культурные и образовательные традиции казахского народа и способствует формированию мировоззрения подрастающего поколения.

*Ключевые слова:* казахские сказки, образ ребенка, метод описания, моральные ценности, нравственные качества, воспитательная ценность, языковая картина мира, этнокультурная лексика.

G.A. Kenzhebekova, Ye.Ye. Tuite

## Methods of conveying the image of a child in Kazakh fairy tales

The image of the child in Kazakh culture reflects the values, worldview, and characteristics of national thinking. Lexical units related to the child make it possible to reveal the predispositions, views, and emotions of the Kazakh people, as well as to determine the role of the child within their cultural system. Despite the presence of such linguistic units in Kazakh linguistics, they are rarely examined as part of a unified system, especially from the perspective of their lexico-grammatical, ethnolinguistic, and cognitive features. Kazakh fairy tales play a special role in shaping the image of the child. Through the fairy-tale discourse, not only is the national culture preserved, but the child's vocabulary is also expanded, and their speech culture is developed. Studying the linguistic means by which the image of the child is created in Kazakh fairy tales allows us to determine the child's role in society and the family. In Kazakh fairy tales, the child is endowed with important and symbolic qualities. The child acts not only as a representative of the younger generation but also as a bearer of moral values, ideals, and traditions. Their image is created through direct and indirect description, metaphors, allegories, and a combination of the real and the imaginary. Qualities such as honesty, compassion, heroism, and diligence emphasize the educational function of the tales, revealing the struggle between good and evil, as well as the essence of victories and defeats. Thus, the image of the child in Kazakh fairy tales performs an important moral and educational function, reflects the cultural and educational traditions of the Kazakh people, and contributes to the formation of the worldview of the younger generation.

*Keywords:* Kazakh fairy tales, image of a child, method of description, moral values, moral qualities, educational value, linguistic picture of the world, ethnocultural vocabulary.

### Referenses:

- 1 Kaliev, B. (2014). *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi* [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Syzdyq, R.G. (2001). *Epos tili zhane lingvistikalq poetika maseleleri* [Epic language and problems of linguapoetics]. Almaty [in Kazakh].
- 3 Haider A. (2022). *Obraz rebenka kak sredstvo kharakteristiki v sostave sravneniia* [The image of a child as a means of characterization in the composition of comparison]. *Candidate's thesis*. Samara [in Russian].
- 4 Lebedeva, M.Y. (2013). *Kontseptualnoe pole «detstvo» i ego reprezentatsia v russkom yazyke* [The conceptual field of "childhood" and its representation in the Russian language]. *Candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 5 Propp, V.Y. (1999). *Istoricheskie korni volshebnoi skazki* [Historical roots of the fairy tale]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 6 Auezov, M. (1985). *Zuyrma tondyq shygarmalar zhinagy* [Collected works in twenty volumes]. Maqalalar, zertteuler [Articles, research]. Vol. 17. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 7 Konyratbaev, A. (1991). *Qazaq folklorynyn tarihy* [History of Kazakh folklore]. Almaty [in Kazakh].
- 8 Propp, V.Y. (2000). *Rusaskaia skazka* [Russian fairy tale]. Moscow: Labirint [in Russian].
- 9 Kasymbekova, A.T. (2020). *Ertegilerdegi galamnyn kontseptualdyq beinesi* [Conceptual image of the world in fairy tales]. Almaty [in Kazakh].
- 10 (2020). *Qazaq ertegileri* [Kazakh fairy tales]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 11 Bektursyn, A.S. (2020). *Khalyq ertegilerindegi esimderge filologialyq zhane etnografialyq taldau* [Philological and ethnographic analysis of names in folk tales]. Astana [in Kazakh].
- 12 Florenski, P.L. (2003). *Imena* [Names]. Moscow: AST [in Russian].
- 13 Chji C. (2019). *Obraz rebenka v yazykovom soznani* [The image of a child in linguistic consciousness]. Ekaterinburg [in Russian].

14 Wong, E., Koeppel, K., Cychosz, M., & Munson, B. (2025). Gendered speech development in early childhood: Evidence from a longitudinal study of vowel and consonant acoustics. *Journal of Child Language*, 1–28. Cambridge University Press. Retrieved from <https://www.cambridge.org/core/journals/journal-of-child-language/article/gendered-speech-development-in-early-childhood-evidence-from-a-longitudinal-study-of-vowel-and-consonant-acoustics/B59018F02312ADEA42CB31ED35B8D12E>

#### Information about the authors

**Kenzhebekova Gulvira Aitykenovna** (corresponding author) — Doctoral Candidate, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: [gulya.aytykenovna84@mail.ru](mailto:gulya.aytykenovna84@mail.ru)

**Tuite Yeldos Yergazyuly** — Candidate of Philological Sciences, Professor of the Department of Kazakh Linguistics, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; email: [eldos\\_t\\_e@mail.ru](mailto:eldos_t_e@mail.ru)

Buketov University